

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жыл 14 наурыздағы N 324 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды Жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысымен бекітілген қосымшадағы:

"Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" деген ҮІІ тараудағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және мұнай туралы" деген реттік нөмірі 112-жолдардағы /"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты/ 4-бағандағы "1997 жылғы қаңтар" деген сөздер "1997 жылғы маусым" деген сөздермен ауыстырылсын.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарындағы реттік нөмірі 10 және 12-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 47а мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"47а "Жер қойнауы және жер Экономсаудамині, мамыр. қойнауын пайдаланушылар Қаржымині, маусым, туралы" және "Мұнай Әділетмині шілде

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына /"шетел инвестициялары туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен

толықтырулар енгізілуіне
байланысты/ өзгерістер
мен толықтырулар енгізу

туралы

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК